

Түркістан облысының деңсаулық сақтау басқармасының «Кентау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының орындалуын жүргізу мақсатында мекеме қызметкерлері арасында құқықтық оқыту отырысының

№ 02 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

11.06.2025 жыл.

Жиналыс төрағасы: - Басшы орынбасары С. Бузабаков

Хатшы: - Г. Махан

Катысқандар: - мекеме қызметкерлері ;

Күн тәртібінде:

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802- ші Жарлығы негізінде, Қазақстан Республикасының сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бойынша мекеме қызметкерлері арасында құқықтық оқыту туралы;

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы №414-V ҚРЗ заңының қолданыстағы талаптарына негізінен терең тоқталып құқықты түсіндіру туралы;

-Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодекісі құқықтық сауатты қолдану туралы; (Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 жарлығы)

Жиналысты «Кентау қалалық емханасы» ШЖҚ МҚҚ-н басшы орынбасары С.Бузабаков жиналыс басын ашып, мекеменің кадр бастығы А.Қалдыбековқа сөз кезегін берді. Күн тәртібіндегі бірінші сұрағы бойынша толық қанды шолу жасады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 659 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдарын баян етті. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс -қимыл туралы заңының 9-10-бабында Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстап беру, Қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдары жайлы түсінік берді.

Түсіндірме жұмысының негізгі мақсаты сыйайлас жемқорлықтың салдарымен құрес қана емес, оның алғы шарттарын жою үшін назар аударуға, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде сыйайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуге, Қазақстан азаматтарының осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға бағытталған іс-шара болып табылады. Қазақстан Республикасының сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстырып, оны болдырмау мақсатында

және сыйбайлас жемқорлық іс-әрекетіне жол бергені үшін жауапкершілік пен оның зардалтары туралы атап өтіп, толық қанды мәлімет берді.

Сөз кезегі, мекеменің Еңбекті қорғау және Еңбек қауіпсіздігі бойынша инженері Е.Балажанов өзінің құқықтық түсіндіру негізdemелерін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы №414-V ҚРЗ заңының қолданыстағы талаптарына сәйкес, терең тоқталып құқықтық түсіндіру шолуын жасады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі тақырыбы бойынша мекеменің заңгері А.Жакыпбеков Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі қоғам өмірінде ерекше рөл атқаратынын және қоғамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуді және қоғамдық мұдделерді ең үздік және тиімді тәсілмен қанағаттандыруды білдіретінін атады. Мемлекеттік қызмет қоғам мұдделеріне адалдық танытуға және Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тіл мен басқа тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрлері мен ғұрыптарына құрметпен қарауға міндеттейтінін ескертті.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің осы әдеп кодексі (бұдан әрі – Кодекс) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарын белгілейді және қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін және парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған талабын атады.

Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары туралы келесідей нақты мысыл келтірді:

- 1) адал ниеттілік – қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби және жауапты қызмет ету;
 - 2) адалдық – өз міндеттеріне шынайы көзқарас;
 - 3) әділдік – жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық топтар мен ұйымдардың ықпалына қарамастан заңды шешім қабылдау және кез келген мән-жайлар бойынша біржақтылық пен субъективтілік себебінен адамдарды кемсітуге жол бермеу;
 - 4) ашықтық – жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсету және өз іс-қимылдының ашықтығын қамтамасыз ету;
 - 5) сырайылық – азаматтар мен әріптестерге дұрыс және құрметпен қарау;
- Осы Кодекстің Ерекше белгінде көзделген, формальды түрде, қандай да бір іс-әрекеттің белгілері бар, бірақ маңызы жағынан болмашы болғандықтан, қоғамға қауіп төндірмейтін әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

Негізінен баяндамашы үшінші сұрақ тақырыбы бойынша түсіндіру және оқыту жұмысын қорытындылаған кәсіпорын заңгері А.Жакыпбеков баяндамалық тақырыбын аяктады.

Жинальыс торағасы

Жинальыс хатшысы



С. Бузаубаков

Г. Махан